

"Қазақстан Алюминийі" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын құру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 9 наурыздағы N 287

"Павлодар алюминий зауыты" ашық үлгідегі акционерлік қоғамының тұрақты жұмысын және руда базасын перспективалық дамытуды, республиканың боксит-глинозем кешеніне инвестицияларды тарту кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне басқарушы фирмаға сатуы үшін "Торғай боксит руда басқармасы" (ТБРБ АҚ), "Краснооктябрь боксит басқармасы" (КБРБ АҚ) акционерлік қоғамдарының және "Керегетас" мемлекеттік акционерлік қоғамының акцияларының бақылау пакеттерін берсін;

басқарушы фирмамен осы акционерлік қоғамдарға жасаған инвестициялары бойынша есеп айырысу және олардың осы инвестициялар жөніндегі берешектерін өтеу мақсатында жасалған инвестициялар сомасына акциялардың қосымша эмиссиясы жөнінде шаралар қабылдасын;

бір ай мерзім ішінде "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамымен бірлесіп "Қазақстан Алюминийі" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын құрсын. "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының өз акционерлерінің шешіміне сәйкес аталған кәсіпорынның активін енгізуі, ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті тарапынан - "Торғай боксит руда басқармасы" акционерлік қоғамының, "Краснооктябрь боксит басқармасы" акционерлік қоғамының және "Керегетас" мемлекеттік акционерлік қоғамының активтерін енгізуі қарастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Торғай боксит руда басқармасы" акционерлік қоғамы, "Краснооктябрь боксит басқармасы" акционерлік қоғамы және "Керегетас" мемлекеттік акционерлік қоғамы акцияларының бақылау пакеттерін басқарушы фирмаға жекешелендіру туралы зандарға сәйкес тікелей адрестік сатуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып, "Торғай боксит руда басқармасы" акционерлік қоғамы, "Краснооктябрь боксит басқармасы" акционерлік қоғамы акцияларының бюджеттік қарыздарының құрылымын қайта жасап, жаңа құрылым

жатқан "Қазақстан Алюминийі" акционерлік қоғамымен бірге оларды өтеудің арнайы кестесін бекітсін, сондай-ақ он күн мерзім ішінде Торғай, Қостанай, Павлодар облыстарының және республика бюджеттерінің арақатынасын реттеу жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК